ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2015ж. 30қаңтар № 60

Астана қаласы город Астана

**Этил спиртін өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу
департаменті

Нормативтік құқықтық акті 2015 жылғы «13» 03 Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 10422 болып енгізілді

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына және «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған этил спиртін өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

017557

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Қаржы Министрі** **Б. Сұлтанов**

**«Келісілді»**
**Қазақстан Республикасы**
**Инвестициялар және даму министрі**
________________ **Ә. Исекешев**
2015 жылғы « 14 » қаңтардағы

**«Келісілді»**
**Қазақстан Республикасы**
**Ұлттық экономика министрі**
________________ **Е. Досаев**
2015 жылғы « 29 » қаңтардағы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2015 жылғы «     » _________
№ ____ бұйырығымен бекітілген

**Этил спиртін өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі**

| **Р/с №** | **Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:** | **Құжаттар** | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Этил спиртін өндіру саласындағы қызмет түрі үшін | | | |
| 1. | Этил спиртін өндірушінің өндіру паспорттары | Этил спиртін өндіруші әзірлеген және бекіткен өндіру паспорты | Этил спиртін өндіру паспорты және өндіру паспортына қажетті мәліметтер тізбесі уәкілетті органмен бекітілген «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағының 5)-тармақшасына сәйкес келуі тиіс |
| 2. | Мынадай жолдармен:<br>1) тоқсандар бойынша бір қалыпты 200 мың декалитрден төмен емес көлемде бидайдан, картоптан, қант қызылшасынан, қант шикізаты сірнесінен және басқа да қантты-крахмалды тағамдық өсімдік шикізатынан өндірілетін спирт ашытқыларынан боза айыру;<br>2) жылына 20 мың декалитрден төмен емес көлемде шарап материалын тікелей | Этил спиртінің қажетті көлемін өндіруге мүмкіндік беретін жабдықтың пайдалану - техникалық сипаттамасын қамтитын жабдықтың паспорттарының көшірмелерін қоса бере отырып, өтініш беруші жүргізетін өндірістік қуат есебінің көшірмесі | Осы талапқа сәйкестік өндірістік қуат есебінің дәйектілігі бойынша және тиісті жабдықтың паспортында көрсетілген деректер бойынша белгіленеді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | немесе екі жақты айдау жолымен алынған этил спиртін өндіру және шығару мүмкіндігі | | |
| 3. | Этил спирті өндірісінің паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес, меншік құқығындағы стационарлық өндірістік үй-жайлар мен жабдықтар | Меншік құқығындағы стационарлық өндірістік үй-жайлар мен жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Қызмет берушімен «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қорының тіркелімі (бұдан әрі - ЖМТ МДҚ) ақпараттық жүйесі арқылы алынады |
| 4 | Стационарлық үй-жайларда этил спиртін өндіруді қамтамасыз ететін сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз | Сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес өзге бақылау нысанын жүргізу жолымен анықтайды |
| 5. | Меншік құқығындағы этил спиртін өндіру кезінде пайдаланылатын технологиялық жабдық | Ұйымның теңгеріміне технологиялық жабдықты қабылдау туралы бухгалтерлік (есептік) құжаттардың көшірмелері | |
| 6. | Лицензиарға өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін спирт өлшеуіш аппараттар | Спирт өлшеуіш аппараттарының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес келуі тиіс, талаптарын қанағаттандыратын спирт өлшеуіш аппараттарының болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен анықтайды (2016 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Есепке алудың бақылау аспаптары – іркіліссіз электр энергиясының қоректендіру көздерімен жарақтандырылған, уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне нақты уақыт режимінде этил спирті өнімінің өндірілу көлемі туралы, автоматты түрде берілуін қамтамасыз ететін аспаптар | Есепке алудың бақылау аспаптарының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны<br>(осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес келуі тиіс, есепке алудың бақылау аспаптарының болуы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен анықталады<br>(2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады) |
| 7. | Этил спиртін сақтауға, қабылдауға және жіберуге ғана арналған қойма үй-жайлары - мамандандырылған стационарлық үй-жайлар мен алаңдар (этил спиртін сақтау үшін) | | «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағының 7)-тармақшасына сәйкес келуі тиіс, белгіленген талаптарға жауап беретін арнайы стационарлық үй-жайлар мен алаңдардың сәйкестігін лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен анықтайды |
| 8. | Этил спиртін өндіруге арналған шикізатты сақтауға, дайындауға (өңдеуге) арналған қойма | Қойманың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны<br>(осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Қойманың болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| 9. | Этил спиртін, шикізатты және қосалқы материалдарды | | Лицензиардың сұрауына «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі келетін қойма үй-жайларында және қоймаларда сақтау шарттары | | Республикасы Заңының 25-бабымен белгіленген тәртіпте халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы гигиеналық нормативтерге уәкілетті органымен жауап беріледі |
| 10. | Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық және ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, этил спиртін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар | Аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Аспаптардың болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен анықтайды |
| Алкоголь өнімін өндіру саласындағы қызмет түрі үшін | | | |
| 11. | Алкоголь өнімін өндірушінің өндіру паспорты | Алкоголь өнімін өндіруші әзірлеген және бекіткен алкоголь өнімінің өндіру паспортының көшірмесі | Алкоголь өнімін өндіру паспорты және өндіру паспортына қажетті мәліметтер тізбесі уәкілетті органмен бекітілген «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағының 5)-тармақшасына сәйкес келуі тиіс |
| 12. | Арақ пен айрықша арақ және ликер-арақ өнімдерін (күштілігі он екі пайызға жетпейтін күштілігі төмен ликер-арақ өнімдерінен басқасын) әрбір технологиялық желіде тоқсандар бойынша бір | Арақ пен айрықша арақ және ликер-арақ өндіруге мүмкіндік беретін жабдықтың пайдалану - техникалық сипаттамасын қамтитын жабдықтың паспорттарының көшірмелерін қоса бере отырып, өтініш беруші | Осы талапқа сәйкестік өндірістік қуаттың есебінің дәйектілігі бойынша және тиісті жабдықтың паспортында көрсетілген деректер бойынша белгіленеді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қалыпты жылына 200 мың декалитрден төмен емес көлемде өндіру және өнім шығару мүмкіндігі | жүргізетін өндірістік қуат есебі | |
| 13. | Денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, автожанармай құю стансаларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында алкоголь өнімін өндіру паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес, меншік құқығындағы стационарлық өндірістік үй-жайлар мен жабдықтар | Меншік құқығындағы стационарлық өндірістік үй-жайлар мен жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Қызмет берушімен ЖМТ МДК ақпараттық жүйесі арқылы алынады |
| 14. | Стационарлық үй-жайларда алкоголь өнімін өндіруді қамтамасыз ететін сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз | Сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес өзге бақылау нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| 15. | Меншік құқығындағы алкоголь өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын технологиялық жабдық | Ұйымның теңгеріміне технологиялық жабдықты қабылдау туралы бухгалтерлік (есептік) құжаттардың көшірмелері | |
| 16. | Лицензиарға өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін алкоголь өнімін өндіру көлемін есепке алу (көмір қостотығымен | Алкоголь өнімін өндіру көлемін есептеу аппараттарының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес келуі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қаныққанынан және шарап материалынан басқа) аппараттары | | тиіс, қанағаттандыратын есептеу аппараттарының болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді (2016 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады) |
| | Есепке алудың бақылау аспаптары – іркіліссіз электр энергиясының қоректендіру көздерімен жарақтандырылған, уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне нақты уақыт режимінде алкоголь өнімінің өндірілу көлемі туралы, деректердің автоматты түрде берілуін қамтамасыз ететін аспаптар | Спирт өлшеуіш аппараттарының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес келуі тиіс, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен талаптарга сәйкес, есепке алудың бақылау аспаптарының болуы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгіленеді (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады) |
| 17. | Денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, автожанармай құю стансаларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында алкоголь өнімін өндіруге пайдаланылатын этил | | «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабының 2-тармағының 7)-тармақшасына сәйкес келуі тиіс, келетін спиртті сақтауға арналған қойма үй-жайларының және өндірілген алкогольдік өнімді сақтауға арналған қойма үй-жайларының сәйкестігін лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | спиртін сақтауға, қабылдауға және жіберуге ғана арналған және өндірілген алкогольдік өнімді сақтауға, қабылдауға және жіберуге арналған қойма үй-жайлары - мамандандырылған стационарлық үй-жайлар | | қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| 18. | Алкоголь өнімін өндіруге арналған шикізатты сақтауға, дайындауға (өңдеуге) арналған қойма | Қойманың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Қойманың болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| 19. | Алкоголь өнімін, шикізатты және қосалқы материалдарды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі келетін қойма үй-жайларында және қоймаларда сақтау шарттары | | Лицензиардың сұрауына «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабымен белгіленген тәртіпте халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы гигиеналық нормативтерге уәкілетті органымен жауап беріледі |
| 20. | Өлшемдердің бірыңғайлығын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық және ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар | Аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Аспаптардың болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Алкоголь өнімін өндіру аумағында сақтау және көтерме саудада сату қызметін қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату саласындағы қызметінің түрі үшін | | | |
| 21. | Денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, автожанармай құю стансаларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының гимараттарында және аумақтарында, меншік құқығындағы немесе уақытша иелік ету (пайдалану), өтеусіз пайдалану құқығындағы, сонымен қатар басқа лицензиатпен бос емес стационарлық үй-жайы | Тіркеуші органның жүргізілген тіркеу туралы белгісімен құқықтығын белгілейтін құжат | Қызмет берушімен ЖМТ МДК ақпараттық жүйесі арқылы алынады |
| | | Жалға алу немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі - осы шарттарды кемінде бір жылдан кем мерзімге жасасқан жағдайда | |
| 22. | Стационарлық қойма үй-жайларындағы сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз | Сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Осы талапқа сәйкестігін лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| | | Техникалық сипаттамасын көрсете отырып, қойма стационарлық үй-жайға техникалық паспорттың көшірмесі | |
| 23. | Мәлімделген қойма үй-жайларында алкоголь өнімдерін сақтау және көтерме саудамен сату бойынша қызметті жүзеге асыратын екі және одан да астам лицензиаттың болуы немесе болмауы туралы мәліметтер | Лицензиаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Мәліметтердің дәйектілігін лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| 24. | Өлшемдердің бірыңғайлығын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің | Аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік | Аспаптардың болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | талаптарына сәйкес тексерілген температуралық және ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар | талаптарына қосымшаға сәйкес) | қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| Алкоголь өнімін өндіру аумағында сақтау және бөлшек саудада сату қызметін қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметінің түрі үшін | | | |
| 25. | Денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, автожанармай құю стансаларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында, меншік құқығындағы немесе уақытша иелік ету (пайдалану), өтеусіз пайдалану құқығындағы, стационарлық үй-жайы | Тіркеуші органның жүргізілген тіркеу туралы белгісімен құқықтығын белгілейтін құжат<br>Жалға алу немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі - осы шарттарды кемінде бір жылдан кем мерзімге жасасқан жағдайда | Қызмет берушімен ЖМТ МДК ақпараттық жүйесі арқылы алынады |
| 26. | Стационарлық қойма үй-жайлардағы сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз | Стационарлық үй-жайға техникалық сипаттамасы көрсетілген техникалық паспорттың көшірмесі<br>Сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Осы талапқа сәйкестігін лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| 27. | Бақылау-касса машиналары | Бақылау-касса машиналары болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 28. | Алкоголь өнімдерін ғана қоюға арналған витриналар және (немесе) сөрелер | | «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес витриналардың және (немесе) сөрелердің болуын, лицензиар бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |
| 29. | Өлшемдердің бірыңғайлығын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық және ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар | Аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны<br>(осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес) | Аспаптардың болуын лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес бақылаудың өзге нысанын жүргізу жолымен белгілейді |

Этил спиртін өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне
қосымша

нысан

**Этил спиртін өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына мәліметтер нысандары**

Этил спиртін өндіру саласындағы қызмет түрі үшін:

1.1 Этил спиртін өндіру паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетін меншік құқығындағы стационарлық үй-жайлар:

мыналарды көрсетіңіз:

1) орналасқан жерінің мекенжайы (почта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі ________________________________________________________________;

2) стационарлық үй-жайдың кадастрлық нөмірі ______________________________;

3) меншік құқығы туындауының негізі ____________________________________;

4) меншік құқығының туындауын растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні______________________________________________________________________;

5) нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер) ______________________________;

6) стационарлық үй-жайдың жалпы алаңы _________________________________;

7) салынған жыл _______________________________________________________.

1.2 Стационарлық үй-жайда этил спиртін өндіруді қамтамасыз ететін сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау және кәріз:

мыналарды көрсетіңіз:

1) стационарлық үй-жайды сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау және кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шарттың (шарттардың) атауы ________________________________________________________________;

2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні _________________________________.

1.3 Лицензиарға өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін спирт өлшеуіш аппараттар/есепке алудың бақылау аспаптары, іркіліссіз электр энергиясының қоректендіру көздерімен жарақтандырылған, уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне нақты уақыт режимінде этил спирті өнімінің өндірілу көлемі туралы, автоматты түрде берілуін қамтамасыз ететін аспаптар:

мыналарды көрсетіңіз:

1) аппараттарды/ аспаптарды сатып алуға, монтаждауға және орнатуға арналған шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні ____________________________________________________;

2) аппараттар/аспаптар саны ______________________________________________________;

3) ақпаратты автоматты түрде беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің бар-жоғы ____________________________________________________.

1.4 Этил спиртін өндіруге шикізатты сақтау, дайындау (өңдеу), беру үшін арналған қойма:

мыналарды көрсетіңіз:

1) меншік құқығы туындауының негізі ______________________________________________;

2) нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер) ____________________________________;

3) меншік құқығының туындауын растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ______________________________________________________________________________;

4) қойманың алаңы ______________________________________________________________;

5) біржолғы сақтау көлемі _________________________________________________________.

1.5 Өлшемдердің бірыңғайлығын мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, этил спиртін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:

мыналарды көрсетіңіз:

1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ______________________________________________________________________________;

2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы __________________________;

3) соңғы және кейінгі тексерудің күні _____________________________________________.

2. Алкоголь өнімін өндіру саласындағы қызмет түрі үшін:

2.1 Алкоголь өнімін өндіру паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетін меншік құқығындағы стационарлық үй-жайлар:

мыналарды көрсетіңіз:

1) орналасқан жерінің мекенжайы (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі (стационарлық үй-жайдың) ______________________________________________________________________________;

2) стационарлық үй-жайдың кадастрлық нөмірі ___________________________________;

3) меншік құқығы туындаудың негіздемесі _______________________________________;

4) меншік құқығының туындауын растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі және күні ______________________________________________________________________________;

5) нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер) ____________________________________;

6) стационарлық үй-жайдың жалпы алаңы ________________________________________;

7) салынған жылы _______________________________________________________________.

2.2 Стационарлық үй-жайда алкоголь өнімін өндіруді қамтамасыз ететін сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәріз:

мыналарды көрсетіңіз:

1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау және кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі шарттың (шарттардың) атауы ______________________________________________________________________________;

2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні _______________________________________.

2.3 Лицензиарға өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін алкоголь өнімдерінің өндірілу көлемін есептеу аспаптары (көмір қостотығымен қаныққанынан және шарап материалынан басқа)/есепке алудың бақылау аспаптары, іркіліссіз электр энергиясының қоректендіру көздерімен жарақтандырылған, уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне нақты уақыт режимінде алкоголь өнімінің өндірілу көлемі туралы, деректердің автоматты түрде берілуін қамтамасыз ететін аспаптар:

мыналарды көрсетіңіз:

1) аспаптарды сатып алуға, монтаждауға және орнатуға шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні ______________________________________________________________________;

2) аспаптар саны _______________________________________________________________;

3) ақпаратты автоматты түрде беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің бар-жоғы ___________________________________________________.

2.4 Алкоголь өнімін өндіруге шикізатты сақтауға, дайындауға (өңдеуге), беруге арналған қойма:

мыналарды көрсетіңіз:

1) меншік құқығы туындауының негізі _____________________________________________;

2) нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер) ______________________________________;

3) меншік құқығының туындауын растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ______________________________________________________________________;

4) қойманың алаңы _________________________________________________________;

5) біржолғы сақтау көлемі ___________________________________________________.

2.5 Өлшемдердің бірыңғайлығын мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:

мыналарды көрсетіңіз:

1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ______________________________________________________________________;

2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы ___________________________;

3) соңғы және кейінгі тексерудің күні ____________________________________________.

3. Алкоголь өнімі өндірілетін аумақта оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату саласындағы қызметтің түрі үшін:

3.1 Жалға алу немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі:

шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні көрсетіңіз _______________________________.

3.2 Қойма үй-жайдағы сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз:

мыналарды көрсетіңіз:

1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау және кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі шарттың (шарттардың) атауы ______________________________________________________________________;

2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні _______________________________________.

3.3 Мәлімделген қойма үй-жайда алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын екі немесе одан көп лицензиаттың бар немесе жоқ болуы туралы мәліметтер:

қойма үй-жайында екі немесе одан көп лицензиаттың бар немесе жоқ болуын көрсетіңіз ______________________________________________________________________.

3.4 Өлшемдердің бірыңғайлығын мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық ылғалдық режимі бойынша алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:

мыналарды көрсетіңіз:

1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі және күні ______________________________________________________________________;

2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы ___________________________;

3) соңғы және кейінгі тексерудің күні ____________________________________________.

4. Алкоголь өнімі өндірілетін аумақта оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметтің түрі үшін:

4.1 Стационарлық үй-жайдағы сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз:

мыналарды көрсетіңіз:

1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі шарттың (шарттардың) атауы ______________________________;

2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні ______________________________________.

4.2 Бақылау-кассалық машина:

бақылау-кассалық машинаны тіркеуді растайтын құжаттың нөмірі мен күнін көрсетіңіз ______________________________________________________________________________.

4.3 Өлшемдердің бірыңғайлығын мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық ылғалдық режимі бойынша алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:

мыналарды көрсетіңіз:

1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ______________________________________________________________________________;

2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы __________________________;

3) соңғы және кейінгі тексерудің күні ____________________________________________.